



Тақырыбы:

*Көшбасшылық және
билік*



КӨШБАСШЫЛЫҚ

ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Көшбасшылық - бұл адамдарды жинап алға қойылған мақсатқа бағыттау. Көшбасшы мен Басшы мағынасы бір емес. Басшы – бұл жұмысты беруші және сол жұмыстарға жауап беруші. Жақсы басшы орындалған жұмысты реттеп қабылдап отырады. Ал, **Көшбасшы** адамдарды жандандырады, мақсатқа жетуде болашақты көр қасиеті арқылы адам ортақ мақсатқа бағыттайды.

Сіздің көшбасшылық қасиеттеріңіз төмендегілерге тәуелді:

· Өмірдегі жағдайлар, өзіңізді көрсететін жерлер


· Сіздің мінезіңіздің сипаттамалары, туа біткен, жүре біткен



· Сіздің ішкі жан дүниеніз және зейініңіз адамдарға әсер етеді



Көшбасшылықтың түрлері:



Өктемшіл көшбасшылық.

Өктемшіл көшбасшылық кезінде көшбасшы мен топ арасында анық аралық байқалады. Ол шешімді өзі қабылдайды, топпен сирек ақылдасады, себебі ол топтың жұмысынан қандай нәтиже алғысы келіп тұрғанын өзі біледі. Оның басты қаруы «қатаң талап». Былай қабылдаған шешімнің креативтігі аздау және бұл стильде бақылау мен өктемдік басым. Егер тапсырманы шұғыл арада орындау керек болып, уақыт аз болса немесе көшбасшы өз тобын жақсы білетін болған жағдайда, өктемшіл көшбасшы қолайлы болады.



Демократиялық көшбасшылық.

Зерттеушілердің ойынша, мұндай көшбасшылықтың түрі тиімдірек. Демократияшыл көшбасшылар топ мүшелерін бағыттай отырып, олардан идея мен кеңестер алып отырады. Әр қатысушының ой-пікірі сапалырақ болуымен ерекшеленеді. Демократияшыл көшбасшы топ мүшелерінің барлығының қатысуын қадағалайды және кеңейтеді; бірақ соңғы шешімді көшбасшы қабылдайды. Топ мүшелері жұмыс барысына белсенді түрде тартылады және шығармашылықтың жоғары көрсеткішін көрсетеді.


Делегирияшыл(либералдық) көшбасшылық.

Делегирияшыл көшбасшы ешқашан топтың жұмысына араласпайды. Ол өзінің қол астындағыларға толық ерік береді. Яғни, небір шешімдер мен толық ерік береді. Делегириялық әдіспен жұмыс жасағанда, қай салада болсын, жұмысының біліктілік танымы өте жоғары болуы керек. Делегириялық әдістің жаман жері: егер көшбасшы жоғары деңгейдегі маман болмаса қызметкерлермен ұсынылған әдістің тиімділігін қадағалау қиынға соғады. Бірақ бұл түрі тиімсіз болып табылады.



БИЛІК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Билік – әрекет етуге қабілеттілік, күш және бір нәрсе істеуге деген әлеуетті мүмкіндік. Билік арқылы басшылық өзінің қызметкерлерінің жұмыстарын басқара алады, олардың әр біреуіне жұмыстарын беріп, ұжымдық конфликті болдырмауға тырысады



Билік ету – бұл
адамдарға ықпал ету
арқылы олардың іс-
әрекеттерін өзгерту,
ұйымның мақсатына
жету жолына бағыттау.

Биліктің түрлері:





1

1) Мәжбүр етуге негізделген билік – қорқыту арқылы ықпал ету, ол мықты бақылау жүйесімен нығайтылады;



2

2) Көтермелеуге негізделген билік – қорқытып, билік жүргізуге қарағанда ықпалды, бірақ қандай көтермелеудің тиімді болатынын анықтау қиын;



3

3) Эксперттік билік – ықпал етушінің арнайы білімі барына, сондықтан да тиісті мұқтажын қанағаттандыратынына орындаушы сенеді;



4

4) Эталондық билік – үлгі билігі, ықпал етушінің мінез-құлқы басқа да қасиеттері ұнайтыны сонша, орындаушылар оған еліктеуге сондай басшы болуға тырысады;

5

5) Заңды билік – ықпал етушінің бұйрық беруге құқы бар екенін орындаушы мойындайды және оның міндеті бағыну екендігін түсінеді. Бұл дәстүрлі билік деп те аталады. Сондықтан басшының барлығы да заңды билікті қолданып, қарамағындағы адамдарға жұмыс орындауды міндеттей алады.



Көшбасшылық пен биліктің қызметтері:



*Жұмыстың тұрақты
әрі тиянақты
орындалуы*

*Көшбасшының дұрыс билік
жүргізе алуы*

*Дұрыс билік жүргізу
арқылы нәтижеге
жету*

*Назарларыңызға
рахмет!*